

использованию пространства, нести ответственность за выбор, доводить начатое до конца, воспитание уважения к труду и правам других).

Наличие Монтессори – правил работы в группе. Соблюдение таких правил как: уберечь себя, работа на коврике, передвигаемся тихо и др. формирует в ребенке адаптивные навыки, содействует развитию дисциплины.

Разновозрастной состав групп. Присутствие детей всех возрастных категорий дает возможность подключать детей друг к другу в деятельности, где помощь вместо взрослого может оказать ребенок. Результатом такой работы являются высокие социально-адаптивные навыки за счет опыта общения с ровесниками, старшими и младшими детьми, умение обучать других, сотрудничать и помогать друг другу, лидерские качества. С этим условием Монтессори-среды связано и то, что дети являются активными участниками обучения.

Таким образом, использование в образовательном процессе педагогики Марии Монтессори создает для наших детей возможность самостоятельного успешного усвоения новых знаний и навыков, включая формирование умения учиться, то есть познавательной активности будущих первоклассников.

Дети, воспитанные по системе Монтессори: самостоятельны, аккуратны, ответственные, умеют ставить цели и принимать решения, понятливы, доискиваются до сути, а главное – умеют и хотят быть свободными![3].

В связи с этим есть необходимость внедрения данного курса в систему подготовки будущих воспитателей. Содержание курса позволит познакомить студентов с историческими и теоретическими основами Монтессори-педагогики, формировать практические навыки использования Монтессори-пособий и создания развивающей среды, проведения форм работы, предусмотренных Монтессори-методом, расширить педагогический кругозор студентов.

Курс поможет теоретически и практически подготовить студентов к организации педагогического процесса в дошкольной организации с применением Монтессори-метода и в условиях специальной дидактической среды.

Литература

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения от 23 августа 2012. № 1080. <http://zakon.kz>.
2. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. - М., 2005.
3. Сумнительный К.Е. 24 беседы о Монтессори. <http://www.litres.ru/pages>.

Сағынтай.Ш., Шаяхметова М.Н.
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

ҰЛТТЫҚ АСЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ СЫРЫ

Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баии түседі. Бала ойынмен өседі. Халқымыз бала мінез – құлқының қалыптасуында ойын әрекеті де елеулі мән атқаратынын жақсы аңғарған. Ойында баланың ортамен қарым – қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі, мінез – құлқы қалыптаса түседі. Бала ойынының түрі де, мазмұны да сан алуан. Ойын үстінде бала достыққа, жолдастыққа, тапқырлыққа, іскерлікке, ептілікке, адамгершілікке баулынады. Ойын – балалық шақтың басты ерекшелігі. Ойнай білмеген, ойлай да білмейді деген мақал – мәтелдерде баланың ойынға аса құмар келетіні, ұл мен қыздың ойыны да түрліше болатыны, ойын арқылы баланың сана – сезімі, кәсіп таңдауы, ақыл – ой жетілетіні көрсетілген.

Халықтық рухани бай қазынаның бірі, һәм бірден – бір тәрбие құралы – халық ойындары. Халық оның алуан түрін тауып, өз ұрпағын өрелілікке, ойыншылдыққа, тапқырлыққа, шеберлікке, дәлдік пен мергенділікке тәрбиелеген. Соның ішінде түрі де, мазмұны да өте бай халықтық ойын – асық ойындары. Асық - төрт түлік мал мен аңдар тілерсегінде болатын, бітісі бөлек, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. Кезінде қазақ шаруашылықпен жаппай шұғылданған тұсында асық әр үйдің, әр ауыл балаларының, жастарының, тіпті жасамыстарының да бас қосуының негізі болған ойын түрі. Қазақ шаруашылығының негізі мал, оның ішінде дені қой болды, халықтың кесе киімі, жесе азығы, ішсе сусыны, тіпті балалардың ермегі, ойыны да осы қойға байланысты болды. Мәселен, асық ойындарына кез келген жануардың асығы жарай бермейді. Тек қойдың асығын, кейін келе арқар, елік асығын қолданды. Бұл дала жануарларының асықтары қой мен ешкінікіне қарағанда үлкендеу де салмақты келеді, сондықтан оларды сақа етіп алатын болды. Асықтың түрлері өте көп. Атап өтсем:

➤ **Сақа** – асықтың үлкен әрі шымыр түрі. Бұл асық қойдан (серкеден) немесе қошқар-текеден алынады.

➤ **Кеней** – көпшілік ойнауға арналған қарапайым асықтар.

➤ **Шүкейт** – жас малдың асығы.

➤ **Қойлық** – қойдың асығы.

➤ **Ешкімек** – ешкінің асығы.

➤ **Құлжа** – құлжаның асығы.

➤ **Көктабан** – қорғасын құйылған салмақты сақа асық.

➤ **Топай** – сиырдың асығы.

➤ **Жабай** – ірі асықты айтады.

➤ **Қолқар** – арқардың асығы деп аталады. Асықтың өзіне тән түрлері мен қоса атаулары да бар. Олар:

✓ **Алшы** – асықтың тәйкеге қарама-қарсы жағы яғни алшы тұруы.

✓ **Тәйке** – асықтың алшыға қарама-қарсы жағы.

✓ **Бүге** – асықтың дөңес жағының жоғары қарап түсуі.

✓ **Шіге** – асықтың қуыс жағының жоғары қарап түсуі.

✓ **Омпы** – асықтың ашасы немесе мұртша жағы жоғары қарап түсуі немесе тік тұрып қалуы.

✓ **Шоңқай** – асықтың омпға қарсы жағымен тік түсуі.

Асық ойыны – қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ұлттық ойын түрлерінің бірі. Оны көшпелі этномәдени өмір тудырған төлтума өнер деп танымыз. Ойынның басты объектісі де, құралы да – асық. Аталмыш ойын әсіресе балалар арасында кең тараған. Оларды ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулайтын тәрбиенің көзі. Тіліміздегі, *қой асығы демеңіз, қолайыңа жақса сақа зой* немесе *асығы алшысынан түсті.., бүге-шігесіне дейін анықтау...* т.б. тіркестер тегін айтылмаса керек. Сондай-ақ қазақтар жақсы көрген жасты: *алтын асықтай* немесе *киіктің асығындай шымыр* деп атайтын үрдіс бар. Мұндай фразеологизмдер асықтың айырықша символдық мәніне қатысты қалыптасқаны анық. Асық ойынының түрлері өте көп. Ол әр өлкеде әртүрлі атауларға ие және ойнау әдіс-тәсілдері де өзгеше. Сөйте тұра аталмыш ойын түрі осы барлық ерекшеліктерін сақтай отырып дамыған. Осының барлығын салыстыра отырып аталмыш ойын түрін – **«үй ішілік»** және **«далалық»** деп екіге бөліп жіктеуге болады. «Үй ішілік» — ойын түрі қазіргі заманауи жағдайға икемделіп – **«тақта ойыны»** деп аталса, ал, «далалық» түрі – **«алаң ойыны»** делініп жүр.

Асық ойындарының түрлері көп. Мәселен:

Бес табан. Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады.

Асық қаршу (бестас). Екі одан да көп бала ойнайды. Қаршуға ықшам асықтар таңдап алынады. Ойыншылар асықтарын иіріп кімнің асығы көп алшы түссе сол ойынды бастайды. Бес асықты жерге тастап, бірін жоғары лақтырып, жердегі асықтың бірін іліп алып, жоғарыдағы асықты қағып үлгереді. Осылай бір-бірден, одан кейін екі-екіден, соңында жердегі төрт асықты бірдей сыпырып алу керек. Келесі кезекте «көпірден өткізу» түріне ауысады. Соңында асықтарды қолдың сыртымен қағып, қол сыртына түскен асықтарды қаршиды. Осылай күрделенген түрде жалғаса береді.

Асық ату (хан ату). Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпен (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланнады. Ойын осылай жалғаса береді...

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен алтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі.

Қорытындылай келе айтарым, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы - оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде. «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады». Сондықтан келешекте адамды тәрбиелеу- бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын - балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Ұлтымыздың тұғыры мықты болуында ұлттық ойындардың ұмытылмай ойналып тұруы да өз үлесін қоспақ.

Әдебиеттер

1. Шашақова А. Халық тілімі – тәрбие бастауы. - 1994.
2. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. - 1978.
3. Атабаев А.С. Ұлттық ойындар- халық мұрасы. - 2006.
4. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы, 1995.
5. Abai.kz
6. Тәнекеев М. Казахские национальные виды спорта и игры. - Алматы, 1957.

Садвакасова Н.А.
КарГУ им. Е.А.Букетова

ОСОБЕННОСТИ СЕНСОРНОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ

Планомерность обучения детей - один из важнейших принципов решения комплекса воспитательно-образовательной работы в детских дошкольных учреждениях. Только при правильном планировании процесса обучения можно успешно реализовать программу всестороннего развития личности ребенка. При планировании занятий по ознакомлению с величиной, формой, цветом предметов учитывают возраст детей, уровень их развития.